

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№268 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА – ЛИЦЕЙ № 268»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
«20» 03 2024 ж./г.
Махамбетов ауылы

ПРИКАЗ
№ 39 Н.Б.
село Махамбетова

**«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«№268 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау туралы**

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Білім беру саласында сапаны камтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын басшылыққа алынып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2023 № 183 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп ұжымына білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізілсін;
2. 2023-2024 оқу жылында өзін-өзі бағалау жүргізу үшін төмендегі құрамда мектеп қызметкерлерінен комиссия құрамы бекітілсін:
 - 1) М.Абильдаев – мектеп директоры, комиссия төрағасы
 - 2) А.Қалжанова - оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
 - 3) Ж.Сарыбаев – оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 - 4) А.Беделбеков - оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 - 5) Е.Кулмурзаев - ғылыми-әдістемелік орынбасары, комиссия мүшесі
 - 6) М.Кенжебаев - тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, комиссия мүшесі
 - 7) Ә.Сейпулова - тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, комиссия мүшесі
 - 8) Л.Байболова - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 - 9) А.Әбілқасымова - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі

3. Мектеп бойынша өзін-өзі бағалау жүргізуге сәйкес атқарылатын жұмыстардың арнайы іс-шарасын жасап, бекіттіру оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.Сарыбаев пен А.Қалжановаға тапсырылсын.

4. 2023-2024 оқу жылы көлемінде жүргізілген жұмыстарды білім беру ұйымы мектеп бойынша мектепке дейінгі білім беру / МАД /мен жалпы орта білім беруге сәйкес білім және тәрбие саласы бойынша сапаны қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының білім беру заңнамаларына сәйкес білім беруді бағалауды анықтау үшін аталған бұйрықта көрсетілген өлшемшарттарды негізге ала отырып, берілген кестелерді ережеге сәйкес толтыру комиссия құрамына міндеттелінсін.

5. Білім беру ұйымы бойынша яғни, мектеп ұжымын бағалау уақытында бағаланатын кезеңге қойылатын талаптар мен бағалау оқу нәтижелеріне қорытынды аттестатталу ескеріле отырып, бағаланатын толық оқу жылы кезеңіне құрылсын.

6. Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері мен дағдыларын деңгейін көрсететін бақылау, сауалнама, тесттік тапсырмалар, жүргізілген жұмыстар мониторингісін алу білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының өлшеуіштеріне сәйкес келуі қатаң бақылауда ұсталсын.

7. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді және бастауыш білім беру сыныптарында білім алушылардың оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдары қамтамасыз ету баса назарға алынсын.

8. 2023-2024 оқу жыл көлемінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің МЖМБС белгіленген барлық талаптар мен нормативтік құқықтық актілерді, қағидаларды жүзеге асыру және мерзімді қорытындылап отыру жайлы құжаттарын рәсімдеу комиссия құрамына тапсырылсын.

9. Мектеп бойынша өзін-өзі бағалауды қорытындылау және қорытынды құрылымы мен мазмұнына сәйкес құжаттарды рәсімдеу комиссия құрамына тапсырылсын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және жүзеге асырылуына басшылық жасау мектеп директоры М.Абилядаев өзіме қалдырамын.

Мектеп-лицей директоры



М.Абилядаев